Оқушының бойынан нәзік сезімталдық, жіті бақылау, шығармашылық қиял, ішкі табиғи тебіреніс, ақыл - жігер, даусының сұлулығы, табиғи дарыны ұшқын шашып тұрса, ұстаз бен шәкірт кәсіби шеберлікті шыңдауда аянбай бірге еңбек етеді және өнер тудырады. Міне осы бағытта біздің ұстаздарымыз талай дарынды шәкірттерді тәрбиелеп, үлкен жетістіктерге жетуде. 2013 жылдан бастап жергілікті кәсіби театрлардың сұранысы бойынша М.Төлебаев атындағы музыка училищесінде «Актёр өнері» мамандығына дарынды жастарды оқуға қабылдай бастады. «Актёр өнері» бөлімінде негізгі мамандық бойынша білім беретін білікті мамандар: ҚР мәдениет саласының үздігі, отыз жылдық тәжірибесі бар аяулы ұстаз Мейрамгүл Ақшабекқызы Алепарова, ҚР мәдениет саласының үздігі, Абай атындағы қазақ музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі, белгілі режиссер Мәдениет саласының үздігі Ербол Тілеуқұлұлы Жуасбек, Дариға-ай жастар театрының режиссеры Дәурен Шәріпұлы Төлеубаев, Абай атындағы театрдың басшысы Амангелді Талғатбекұлы Бахтинов және жас маман, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының түлегі Темрлан Оралбекұлы Орашев сынды ұстаздар қызмет етеді. Ұстаздарымыз заманауи педагогикалық технологияларды, инновацияларды игерумен қатар, теориялық ұғыну арқылы практикалық театр педагогикасы саласындағы ғылыми-зерттеу, әдістемелік жұмысын дамыта отырып, шәкірттеріміздің кәсіби, шығармашылық өсуіне аянбай еңбек етіп келеді. Өндірістік тәжірибеден өту жүйесі өндірістік тәжірибе базаларының басшыларымен, ата-аналарымен және колледж басшылығымен үш жақты келісім шартқа отыру арқылы жүзеге асады.

Сонымен қатар әрбір білім алушымен жеке келісім шарт жасалады. Біздің училищемізде дуальді оқыту жүйесі бойынша 2020-2021 оқу жылынан бастап білім алушылар білім алып келеді. Өндірістік тәжірибе оқу бағдарламасы бойынша басты және жауапты кезеңдердің бірі болып табылады. Өйткені мамандық бойынша театр сахнасы құрылымдарымен, өндірістік техникалық базасымен, кәсіби өнер ұжымымен тікелей қарым-қатынаста болып, танысып, кәсіби шеберліктерін жетілдіруге ықпал етеді. Театр өнері-ұжымдық өнер. Сахна өнері саласында шынайы өнер туғызушы жеке дара өнер иесі болғанымен, біртұтас ансамбльден құралған шығармашылық ұжым екенін тұжырымдайды. Дуальді оқыту жүйесі стандартқа сәйкес теориялық білім беру нормасы 40%, ал практикалық өндіріс орнында білімді жалғастыру 60% құрайды. Бүгінгі таңда 4курс студенттері, 8 бітіруші түлектеріміз театр ұжымында өндірістік тәжірибеден өтуде әрі 0,25 ставкада жұмыс істейді.

Дуальду оқыту жүйесі бойынша өндірістік тәжірибенің мақсат міндеттері:

Дуальді оқыту жүйесі дегеніміз – училище қабырғасында алған теориялық білімдерін өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы деген сөз. Дуальді оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі дәлелденген. Мұнда оқушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақыттың үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды. «Актёр өнері» мамандығы «драма театрының артисі» мамандандыруы бойынша білім алушыларға 3-4 курста өндірістік тәжірибе базасында тәжірибелік білім алу ұсынылады. Облыстық театрлар сахнасында тәжірибе жинақтау, театрдың техникалық базасымен, өндірістік цехтарымен танысу, театр қайраткерлерімен кездесіп тәжірибелік білім алу, кәсіби шеберлікті меңгеру білім беру бағдарламасының бір саласы болып табылады. Тәжірибелік жұмыстарды орындау білім ордасында оқыту процесінің соңғы деңгейі болып саналады және оның мақсаты – теориялық білімдерін кеңейту және сахналық жұмыс барысында кәсіби тәжірибелерді кеңінен қолдану, ұштастыру болып табылады. техникалық кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші өндіріс мекемелерімен бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгере отырып, білікті, бәсекеге қабілетті, шығармашылық ойлау жүйесі дамыған кәсіби мамандарды даярлау, олардың үздіксіз кәсіби өсуін қамтамасыз ету басты мақсат болып табылады. Дуальдік жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби дағдыларды, іскерлікті тікелей үлкен сахнада меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің өзара байланысын, өзара әсерін, кірігуін қамтамасыз ету болып табылады. Өндірістік тәжірибеден өту жұмысы студенттердің мамандық бойынша алған теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде іске асыруға мүмкіндік

береді. Өндірістік тәжірибеден өту жүйесі өндірістік тәжірибе базаларының басшыларымен келісім шартқа отыру арқылы жүзеге асады. Өндірістік тәжірибе оқу бағдарламасы басты және жауапты кезеңдердің бірі болып табылады. Өйткені мамандық бойынша театр сахнасы құрылымдарымен, өндірістік техникалық базасымен танысып, кәсіби шеберліктерін жетілдіруге ықпал етеді.

- Оқу процесінде алған білімдерін, біліктіліктерін, дағдыларын тәжірибе жұмыстарында тексеру және жетілдіру;

- Жоғары білікті маманды кәсіби іскерлікке даярлау;

- Актер мамандығының негіздерін меңгеру базасында білім алушылардың жеке қабілеттерін аша білу, сахна өнерінің көркемдік және эстетикалық ерекшеліктерін меңгеруге көмектесу;

- Білім алушылар кәсіби сахнада барлық тәжірибелік дағдыларын пайдаланып үйлестіреді;

- Оқу орнынан бекітілген оқытушының жетекшілігімен оқу театрында және кәсіби театр сахналарында дипломдық спектакльге дайындық өткізіледі;

- Кәсіби қызметте шығармашылық ұжымдарда жұмыс істеу дағдысын (басқа орындаушылармен, режиссермен, суретшімен, балетмейстермен, концертмейстермен т.б.) бірыңғай көркемдік арқауы шеңберінде пайдалану;

- Кәсіби қызметте сахналық қойылым жағдайларында, сондай – ақ студиядағы жұмыс барысында көрермендер аудиториясымен қарым – қатынас жасау дағдысын пайдалану.

Өндірістік тәжірибеден өту барысында білім алушылардың міндеттері:

- Тәжірибе бағдарламасындағы тапсырмаларды толық орындау;

- Тәжірибе базасындағы ішкі жұмыс кестесіне бағыну;

- Жоғары кәсіби дайындық деңгейін көрсету, белсенділік таныту, қойылған тапсырмаларды шығармашылықпен орындау;

- Күнделік жүргізіп оған атқарылған жұмыстардың қорытындысы мен талдауларды жазу;

- Өндірістік тәжірибе жұмыстары бойынша есеп беру.

Білім алушылармен өндірістік тәжірибені ұйымдастыру кәсіптік тәжірибе ұстазына жүктеледі. Сонымен қатар диплом қорғау спектакльіне күнделікті сахналық өткін жүргізіледі және сол арқылы кәсіби тәжірибені жетілдіреді. Театр – ұжымдық өнер екенін басты қағида санап, театр өнері көпшілік күшімен, яғни шығармашылық ұжымның жұмыла еңбек етумен өмірге келетін қиын үрдіс екенін түсінеді. Білім алушылар алғашқы күннен ортақ ансамбльдік жүйесінде жұмыс істеу керек екендігін басты міндет санайды. Ол үшін жұмысқа кешікпеу, басқаны күттірмеу, ұжымды сыйлау, этикалық мәдениетке тәрбиелейді. Сондай-ақ қазақ театрының бүгінгі заманауи жаңа эксперименталдық үрдістермен танысып, меңгереді.

Дуальді оқыту жүйесінің жетістігі көп. Біріншіден, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары, екіншіден, білімді жас маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Сондай-ақ оқушы тек қана теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді. Білім алушылармен өндірістік тәжірибені ұйымдастыру кәсіптік тәжірибе ұстазына жүктеледі. Сонымен қатар негізгі мамандық пәндері бойынша спектакльдерге күнделікті сахналық өткін жүргізіледі және сол арқылы кәсіби тәжірибені жетілдіреді. Театр – ұжымдық өнер екенін басты қағида санап, театр өнері көпшілік күшімен, яғни шығармашылық ұжымның жұмыла еңбек етумен өмірге келетін қиын үрдіс екенін түсінеді. Білім алушылар алғашқы күннен ортақ ансамбльдік жүйесінде жұмыс істеу керек екендігін басты міндет санайды. Ол үшін жұмысқа кешікпеу, басқаны күттірмеу, ұжымды сыйлау, үлкен сахнада ауқымды спектакльдерде өнер көрсету, көрерменмен тікелей қарым-қатынаста болу, ұжым алдындағы, көрермен алдындағы жауапкершілікті сезіну, этикалық мәдениетке тәрбиелейді. Сондай-ақ қазақ театрының бүгінгі заманауи жаңа эксперименталдық үрдістермен танысып, тәжірибе жүзінде кәсіби шеберліктерін жетілдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Дуальді оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы.
3. Жолдасбекова С.А. «Дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандардың кәсіби бейімделу ерекшеліктері» Қазақстанның ғылымы мен өмірі журналы № 1(73).2019ж.

Семей қаласы
“Мұқан Төлебаев атындағы музыка училищесі” КМҚК
Педагог-психолог, жалпы білім беру пәндерінің оқытушысы
Пшенбаева Мақпал Келгенбайқызы

БІЗ ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТЕ АЛАМЫЗ

Біз айналамыздағы шындыққа жиі шағымданамыз. Біреу жүйеге, біреу қоғамға, біреу жақын адамдарға разы емес. Бірақ оның өзі туралы не өзгерте алады деп ойлайтындар аз ба? Сыртқы әлемдегі бір нәрсені өзгерту тек ішкі өзгерістер процесін бастау арқылы мүмкін болады.

Өз жолыңызды табу-адамның осы өмірге келетін басты мақсаттарының бірі. Әркім өз сұрақтарына жауап беруі маңызды: Мен кімін? Менің күшім неде? Мен бұл әлемге не бере аламын? Сіздің мақсатыңызды нақты түсіну өмірді қуаныш пен мағынаға толтырады, жәбірленушінің позициясынан шығуға, өміріңіз үшін жауапкершілікті алуға және әлемді жақсартуға көмектеседі.

"Өндіріс атаулары" балаларды дамыту орталығында біз баланың талантын ашып, мықты жақтарына сүйене отырып, оған мамандықта және өмірде өз жолын құруға көмектесеміз.

Сондай-ақ, дұрыс таңдау жасау сіздің құндылықтарыңыз бен принциптеріңізді ұстануға көмектеседі. Рухани-адамгершілік базаны нығайту әрбір жан үшін маңызды. Сондықтан оны өзіңіз үйреніп, балаларыңызға үйретіңіз.

Дұға рухани және физикалық деңгейде де көп нәрсені өзгерте алады. Дұғаның физикалық денеге әсерін зерттеген украин ғалымы Михаил Лазориктің зерттеулері қызықты. Ол үшін ғалым емхананың пациенттерінен намазға дейін және одан кейін қан алып, оның құрылымын зерттеді. 20 минуттық дұға жасушалық деңгейде құрылымды өзгертті және ағзадағы патогендік процестерді азайтты.

Әрине, біз өзгерте алмайтын жаһандық оқиғалар әрқашан болады. Бос пайымдау, ашулану, айыптау және қорқыныш тек жүректі қатайтады. Бұл жағдайда біз өзгерте алатын жалғыз нәрсе-болып жатқан жағдайға деген көзқарасымыз. Жағдайды жақсы ойлармен қабылдаңыз, қабылдаңыз және жіберіңіз.

Қызықты экспериментті жапон ғалымы Масару Эмото жүргізді. Ол үш су ыдысын алып, оған бір уыс күріш қойды. Бірінші банкте ол күнделікті алғыс пен сүйіспеншілік сөздерін, екіншісінде дөрекі сөздерді айтты, ал үшінші банканы назардан тыс қалдырды. Нәтижесінде, екінші банкада күріш сия, ал үшіншісінде шірік болған кезде, бірінші банкадағы күріш жаңа және таза болып қалды. Адамда да солай болады. Біз көбінесе көршімізді немқұрайлылық пен дөрекілікпен ренжітеміз. Бірақ айналадағылардың бәрі қалай өзгере бастайтыны туралы жақсы сөз айту керек.

Есіңізде болсын, біз қоршаған әлемге не әкелетінімізге байланысты — жақсылық немесе жамандық, оң немесе теріс, қорқыныш немесе үміт. Күн сайын жеке өзгерістерге кішкене қадамдар жасаңыз — дұға етіңіз, өзіңізді ашыңыз, көршілеріңізді жақсы көріңіз. Тек осылай ғана біз бұл әлемді жақсырақ, жеңіл және мейірімді ете аламыз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2003. – 368 б. Островский Е.В., Чернышова Л.И.
2. Психология және педагогика: Оқу құралы / Ред. Е.В. Островский.- М.: Университет оқулығы, 2005.
3. Педагогика: Оқу құралы. /Жалпы ред. басқарған А.М.Құдиярова. – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.

г. Семей
КГКП «Музыкальное училище имени М.Тулебаева»
Преподаватель общеобразовательных дисциплин
Абдилдинова Асем Сатыбалдиевна

ГЕЙМИФИКАЦИЯ КАК ОСНОВНОЙ МЕТОД ВЕДЕНИЯ УРОКА ОПД

Перенос игрового формата в обучение и бизнес может ускорить процессы, повысить эффективность и мотивацию сотрудников, клиентов и учеников. Геймификация — это внедрение игровых форм в неигровой контекст: работу, учебу и повседневную жизнь. Геймификация помогает увеличивать продажи, удерживать клиентов, повышать лояльность сотрудников и учиться с максимальной вовлеченностью.

Что такое геймификация? Геймификация использует естественные склонности людей к конкуренции, соревнованиям, сотрудничеству и достижениям. Эта техника мотивирует к достижению целей и повышению производительности. Инструментами вовлечения могут стать уровни, которые необходимо преодолеть, вознаграждения и рейтинг. Стоит различать геймификацию и игровое обучение. Игровой подход — это обучение в рамках конкретной игры, а геймификация — применение игровых методик в повседневных процессах ради повышения мотивации. Идея подобного подхода появилась давно, но набирает популярность лишь сейчас, поскольку старые системы мотивации постепенно перестают работать. Условный метод «кнута и пряника» перестал быть эффективным, и преподаватели ищут другие способы повышения вовлеченности.

Принципы геймификации. Геймификация может упростить все процессы — от обучения до бизнес-задач, и увеличить удовольствие от их выполнения. Подход может сделать любой опыт похожим на игру, что выльется в большую вовлеченность. Он также добавит радость от выполнения поставленных задач, сравнимую с радостью от прохождения сложного уровня игры.

Мотивация. Любая игра содержит в себе мотивацию для участников. Это необходимо для того, чтобы игрок не забросил прохождение на одном из этапов. Перед ним должна стоять конкретная цель, которая двигает его вперед. Геймификация естественным образом наследует этот принцип. Это могут быть бонусы, которые вы получаете с каждым следующим уровнем. Если говорить про маркетинг, здесь может действовать система нарастающей скидки: чем больше вы покупаете — тем больше экономите.

Статус. На протяжении игры у участника развивается его герой, растут «уровни». Чем дальше он идет, тем сильнее становится его персонаж. Тот же принцип работает в геймификации. На работе это может быть большее признание коллектива, повышение в должности. В маркетинге же — улучшение статуса клиента: от бронзового до платинового.

Вознаграждение. Во многих играх после прохождения уровня персонажу начисляют золотые монеты, дают награды и виртуальные бриллианты. Чем сложнее уровень, тем больше поощрений. Вознаграждение — один из ключевых принципов геймификации. Такие «пряники» как зарплата для сотрудников или положительные оценки для учеников постепенно перестают работать. Человек знает, что если он выполнит свое задание хорошо или очень хорошо — результат будет один. Дополнительное вознаграждение мотивирует его действовать быстрее, лучше и дает дополнительный интерес. Бонус к зарплате или освобождение от одной домашней работы для лучшего ученика помогут усилить мотивацию. В маркетинге это могут быть накопительные баллы от каждой покупки по карте.

К главным принципам геймификации могут прибавляться дополнительные. В игры можно включать соревновательные элементы, командные задачи, истории с развивающимся сюжетом. Подходящий вариант стоит подбирать под каждую конкретную задачу.

Чем полезна геймификация. Геймификация помогает создать большую вовлеченность во всех сферах, где она применяется. Ученики проходят курс с интересом, если в него добавлен игровой элемент. Клиенты не хотят уходить от компании, которая обещает им прогрессирующую систему скидок и бонусов. Повседневные рабочие задачи перестают быть монотонными и скучными, когда появляется мотивация к их выполнению. Дополнительно к вовлеченности геймификация помогает доводить задачи до финала и завершать их в назначенные сроки.

Владислав Куклев, со-основатель Dizz.TV, рассказывает, что игровой подход работает почти в любых продуктах, потому что он основан на знаниях о человеческом мозге, механизмах мотивации и награды. Поэтому многие индустрии наблюдают за игровыми практиками и стараются применять механики оттуда.

Наталья Кошлякова, директор ИгроN-сервис, выделяет следующие плюсы геймификации:

- Геймификация переводит человека из взрослого состояния в детское, когда мы все учились играя.
- Происходит меньшее сопротивление материалу, поскольку снимается внутренний цензор. Уходят взрослые психологические сопротивления и ограничивающие установки.

- Если в игре участники объединяются для получения общего результата — это стимулирует качественную командную работу.

- Если в геймификацию включен конкурирующий элемент — это добавляет эмоций.

- Включается самоутверждение и поднятие самооценки.

- Геймификация помогает довести все до конца: обучение, рабочие процессы, увеличение клиентской базы и так далее.

Из минусов геймификации:

- Иногда геймификация становится самоцелью.

- Игра ради игры неэффективна.

- Требуется дополнительное бюджетирование.

- Неправильно просчитанная система приводит к отрицательному результату.

Например, в некоторых случаях стимулирование конкуренции может привести к негативным последствиям.

Владислав Куклев добавляет, что минусы геймификации начинаются, когда компании вдохновляются игровой индустрией, но делают это без фундаментальных знаний о человеческой психике. Это приводит к появлению систем достижений, внутренних рейтингов, которые не работают, хотя тоже пришли из игр.

Экономика образования. Геймификация в образовании

Геймификация в обучении может применяться как на школьном уроке, на дополнительных курсах, так и в корпоративном обучении. По словам Натальи Кошляковой, геймифицировать можно буквально любое обучение. Любой процесс, от обучения математики в школе до обучения персонала менеджерским навыкам может обернуться в игровой мир или игровую легенду. В геймификации обучения нет ограничений.

Обучение может проходить как с применением системы поощрений и рейтингов, так и при помощи сторонних программ. К примеру, детям прививают любовь к чтению через смартфоны и интерактив, а VR-технологии помогают познавать мир через путешествия по миру прямо на уроках. Разработкой и концепцией таких игр занимаются геймдизайнеры.

Геймизация образования помогает привить интерес к обучению как у детей, так и у взрослых. Это универсальный метод, который подходит для всех возрастов. При этом игровое обучение справляется со своей целью: при правильном подходе оно помогает получить знания и учиться применять их на практике. Единственный минус такого подхода — он не может полностью заменить все обучение и должен занимать только часть программы, особенно если речь идет о школьном образовании. От постоянных игр на уроках устанут даже самые активные дети.

Книги по геймификации:

- «Вовлекай и властвуй. Игровое мышление на службе бизнеса» — Кевин Вербах и Дэн Хантер. Книга от создателей первого в мире курса по геймификации;

- «Ход слоном. Игровой помощник в достижении целей» — Татьяна Задорожная;

- «Геймификация в бизнесе. Как пробиться сквозь шум и завладеть вниманием сотрудников и клиентов» — Гейб Зикерманн и Джоселин Линдер;

- «SuperBetter» — Джейн Макгонигал. Научит применять игровое мышление в жизни.

Семей қаласы
“Мұқан Төлебаев атындағы музыка училищесі” КМҚК
Арнайы пәндер оқытушысы
Сембаева Нургуль Усеновна

ЕЛІМІЗДЕГІ ОҚЫТУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ МАЗМҰНДЫҚ БОЛМЫСЫН ЖАҢА ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН НЕГІЗДЕУ

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту-тәрбие процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі педагогикалық процесін түбегейлі өзгертудің қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, білім мазмұнының ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.

Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, білім алушылардың қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны сана «сүзгісінен» терең зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды бағдар тұтады [1].

Жаңа білім парадигмасы білім алушыға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан- жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыруды көздейді.

Білім беру процесін жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Бүгінгі философтар мен педагог – ғалымдар білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен ғана шектелмей,

білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау қажеттігін дәлелдеуде.

Білім беру саласындағы инновациялық процестердің күрделілігі мен қайшылықтары жаңа құбылыстармен әрекеттесу және арнайы орта білімді ізгілендірудің сапалы кезеңінде шығармашылық бағыттағы білім алушылардың қызығушылығын қалыптастырудың мәселесін өзекті етуде.

Соңғы жылдары оқу-тәрбие процесіндегі жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқытуға үлкен мән берудің өзі еліміздегі өзгерістердің маңыздылығын көрсетеді [2].

Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа бағыты жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығын қалыптастыру – білім алушының оқу-танымдық іс-әрекеттегі шығармашылық қызығушылығына тікелей байланысты.

Қызығушылық – тұлғаның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылады. Себебі өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттар арқылы ғана іс-әрекетке тұрақты қызығушылық нәтижесінде танылып, болашақта өміршең дамуына мүмкіндік алады. Сондықтан қызығушылықты жеке тұлғаның дамуына, оның рухани жетілуіндегі мәні терең, мотивациялық, білімділік бағдар құндылығы ретінде танылуының маңызы зор.

Көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, ҚР стратегиялық дамуының «Қазақстан – 2030» бағдарламасында, ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, ҚР «Білім» бағдарламасында мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде жеке адамның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелерінде басты міндеттер қатарында қойылған.

Демек, болашақ ұрпақтың шығармашыл болуын қамтамасыз ететін оқытудың субъектін және білім алушының әлеуетіне тікелей әсері мол қызығушылықты қалыптастырудың теориялық, әдіснамалық, дидактикалық тұғырларын айқындау міндеттерін алдыңғы қатарға шығарады.

Жеке тұлға бойындағы ашылмаған, сыры мол мүмкіндіктерді дамытудың бастау көзі – қызығушылықты қалыптастыру мәселесі өзінің тамырын адамзат дамуы тарихының тереңінен алады.

Адамзат баласының алға қарай сатылап өркениетке жетуі әр адамның іс- әрекеттегі жаңашылдығына, жаңаны ойлап табуына, шығармашылық болмысына байланысты. Ал шығармашылық іс-әрекет, жаңашылдыққа бағыттылық тек қана қызығушылықтан бастау алады.

Адамзаттың ұлт ретінде қалыптасуы, ұлттың шығармашылық әлеуеті де әр жеке тұлғаның шығармашылық деңгейімен анықталады. Сондықтан зерттеушілер өркениетке жетудің жолын әр адамның қызығушылық деңгейімен, жаңашылдық болмысымен байланыстырады.

Ежелгі дәуір философтары (Аристотель, Демокрит, Платон, Сократ, шығыстың көрнекті ойшылдары Әл-Фараби, Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ибн-Сина, Қ.А. Иассауи), жаңару кезеңінің ағартушылары (Я.А. Коменский, Дж. Локк, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, А. Дистервег т.б.), орыс педагогтары (К.Д. Ушинский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский т.б.), қазақтың ағартушылары (Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов т.б.) еңбектерінде

адамның дара мүмкіндіктерін ашу, ішкі рухани күштерін дамыту мәселелеріне ерекше мән берілгені анық. Мысалы, Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл- Фараби “Бақытқа жол сілтеу” атты трактатында адамның бақытқа жетудегі бірден бір жолы – адамның ой белсенділігі, интеллектінің дамуы, логикалық жаттығулар мен сабақтар, сабақтан тыс жұмыстар нәтижесіндегі шығармашылық ізденістері деген тұжырымдары зерттеліп отырған мәселенің әрқашанда, әр заман талабына сай туындап отыратындығы және оның өміршен, үздіксіз процесс екендігінің дәлелі [3]. Демек, қызығушылық – үздіксіз және адамзат баласын прогрессивті түрде ілгері қарай жетелейтін үрдіс.

Өз заманында сан алуан ғылым салаларын меңгерген ғұлама ақын Жүсіп Баласағұн өзінің “Құтты білік” атты дастанында жан-жақты дамыған адамды сипаттауда “толық пішінді” ұғымын қолданып, оған жетудің бірден-бір жолы ғылым, білім екенін айтады. Ал ғылым, білімге жету ұзақ еңбек, ізденіс қажет және адамның ақыл-парасаты жаңаны ойлап тауып, жансызды жандандыруға қабілетті екендігіне тоқталады.

Зерттеу барысында зерделенген маңызды мәселелер: оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзекті бағыттары (А.Е. Әбілқасымова, Р.А. Жанабаева, С.С. Смаилов, М.Н. Сарыбеков, О.С. Сәлімбаев, Е. Омар, Қ.А. Аймағамбетов, Л.К. Керимов т.б.), болашақ мамандарды дайындаудың теориясы мен практикасы (Б.К. Момынбаев, А.А. Саипов, М.Ә. Құдайқұлов, Қ.Қ. Жанпейісова, А.А. Бейсенбаева, А.А. Жолдасбеков, О.С. Сыздықов, Б.А. Тойлыбаев, А.Ғ. Қазмағамбетов, Т.М. Әлсатов, Л. Байсерке, В.А. Ким т.б.), мұғалімдердің біліктілігін көтерудің жаңашылдығы (Ш. Таубаева, Б.А. Тұрғынбаева, Б.А. Әлмұхамбетов, Е. Қозыбаев, Ә.К. Қағазбаева т.б.), қазақ этнопедагогикасының негізінде жеке тұлғаның жан-жақты дамуы теориялық- әдіснамалық тұрғыдан қарастырылуы (Қ.Б. Бөлеев, Ж. Асанов, С.А. Ұзақбаева, К.Ж. Қожахметова, Р.Қ. Дүйсенбінова, Қ.Б. Жарықбаев Х. Шалғынбаева, Ә. Табылдиев т.б.), жеке тұлғаның креативтілік қабілетін дамыту және көркем өнер шығармашылығын жетілдірудің бағыттары (Б. Оспанова, Қ. Ералин, І.С. Сманов т.б.), зерттеулерінің маңыздылығы жоғары.

Тұлғаның шығармашыл болуына ықпал етудің түрлі аспектілері бойынша ТМД елдерінде психология мен педагогика саласында жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесіне елеулі үлес қосқан ғалымдар бар. Олардың еңбектерінде бұл мәселенің: шығармашылық-танымдық іс-әрекет нәтижесі ретінде (М.И. Махмутов, А.М. Матюшкин, П.И. Пидкасистый, С.Т. Шацкий, Т.И. Шамова т.б.), шығармашылықтың психологиялық табиғатын талдау (С.Л. Рубинштейн, А.В. Морозова, Б.М. Теплов, И.А. Зимняя т.б.), шығармашылық қажеттілікті дамыту (В.С. Шубинский, В.И. Андреев, Л.С. Выготский, В.А. Якунин т.б.) бағыттарын қарастырады [4].

Еліміздің ХХІ ғасыр баспалдағын жаңашылдықпен қарыштап басып, өркениетке бағдар алуы әр адамның шығармашылық болмысының нәтижесі деп бағалауға болады. Ұлттың шығармашылық әлеуеті де әр жеке тұлғаның шығармашылық деңгейімен анықталады. Өзекті мәселені көре білетін, ой ұшқырлығы мен ізденімпаздық іс-әрекеті қалыптасқан білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайына қарай оңтайлы пайдалана алатын, танымдық дербестігі жоғары деңгейдегі шығармашыл тұлға қазіргі білім беру стратегиясының мақсат-мұраты.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасы» 2015 жыл.
2. Назарбаев Н.Ә. Өзекжарды ойлар. Алматы: Мектеп, 2003 172 б.
3. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы / Құрастырған Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. Алматы: Рауан, 1994. Т. 1. 320 б.
4. Кабалевский Д.К. Педагогические размышления. Избранные статьи и доклады. Москва, 1986. С.72.

Семей қаласы
“Мұқан Төлебаев атындағы музыка училищесі” КМҚК
Жалпы білім беру пәндерінің оқытушысы
Касымжанова Анар Абаевна

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН МАТЕМАТИКА-ФИЗИКА ПӘНДЕРІНДЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Қазақстанның білім беру жүйесінде жаңартылған мазмұнға көшу – қазіргі заман талаптарына сәйкес инновациялық әдістерді енгізу мен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруды көздейді. Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыту тек қана пәндік біліммен шектелмей, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өздігінен ойлай білуге, талдау және шешім қабылдауға үйретеді. Бұл әдіс-тәсілдерді математика және физика пәндерінде қолдану – білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, практикалық дағдыларын жетілдіруге бағытталған маңызды қадам.

Жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктері

Жаңартылған білім беру мазмұны оқытудың келесі аспектілерін қамтиды:

1. Құзыреттілікке негізделген тәсіл – оқушының алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана білуі.
2. Интеграцияланған оқыту – пәндер арасындағы байланысты нығайту.
3. Белсенді оқыту әдістері – топтық жұмыс, жоба қорғау, зерттеу әдістерін пайдалану.
4. Критериалды бағалау жүйесі – оқушының жетістігін нақты және әділ бағалау.

Математика-физика пәндерінде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер:

Проблемалық оқыту

Математика және физика сабақтарында проблемалық тапсырмалар қою арқылы білім алушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Мысалы, физика сабағында күнделікті өмірден алынған тәжірибелер арқылы заңдылықтарды анықтау тапсырмаларын беруге болады. Мысалы мынандай тапсырмалар:

1. Күнделікті өмірдегі үйкеліс: Әртүрлі беткі қабаттарда (тегіс үстел, кілем, еден) бірдей затты итеріп, үйкеліс күшінің қалай өзгеретінін бақылауға беру.

2. Еркін құлау үдеуі: білім алушыларға әртүрлі биіктіктерден (мысалы, орындықтан немесе баспалдақтан) әртүрлі заттарды (қағаз, шар, тас) тастап, олардың құлау уақытын өлшеуді тапсыру. Осыдан кейін олардың ауырлық күшіне қалай әсер ететінін талқылауға болады.

3. Архимед заңы: Асүйде бар ыдыстарды қолданып, судың ішіне әртүрлі материалдарды (мысалы, ағаш, темір, пластик) салу арқылы, олардың жүзу қабілетін зерттеу. Содан кейін Архимед күшін түсіндіруін сұрау.

4. Электр тогы және өткізгіштер: Қарапайым электр тізбегін құрастырып, металдардың, судың немесе басқа материалдардың ток өткізу қасиеттерін зерттеу.

5. Жарықтың сынуы: Су толтырылған стақанға қасықты салып, оның «сынған» сияқты көрінетінін бақылау арқылы жарықтың сынуын түсіндіру. Осындай тәжірибелер оқушылардың физикалық құбылыстарды өз көзімен көріп, оны өз бетімен зерттеуіне мүмкіндік береді. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, сабақты қызықты етеді.

STEM білім беру элементтері

STEM (ғылым, технология, инженерия, математика) бағытында оқыту білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады. Мысалы, математика сабағында инженерлік есептерді шешу немесе физика сабақтарында эксперименттік жобалар жасау тиімді. Мысалы:

1. Музыкалық аспап жасау (инженерия + физика)

Тапсырма: Қарапайым материалдарды пайдаланып, музыкалық аспап жасау. Мысалы, резеңке жолақтар, ағаш немесе пластик құбырлар арқылы қарапайым гитара немесе панфлейта құрастыру.

- Дыбыс толқындарының қалай пайда болатынын және олардың жиілігіне қандай факторлар әсер ететінін түсіну.

- Аспаптың ұзындығын, кернеуін немесе материалын өзгерту арқылы дыбыс биіктігін бақылау. Осы тапсырманы орындау барысында білім алушылар музыкалық аспаптардағы дыбыс шығару принципін үйреніп, инженерлік дағдыларды дамытады.

2. Дыбыс жазу және өңдеу (технология)

Тапсырма: Арнайы дыбыс жазу бағдарламасын (мысалы, Audacity) пайдаланып, өз музыкалық шығармаларын жазып, дыбыстарды өңдеу.

- Дыбыстың амплитудасын, жиілігін өзгертіп, түрлі эффекттер қосу.
- Дыбыс толқындары мен олардың компьютерде қалай өңделетінін түсіну.
- Сандық технологиялар арқылы шығармашылық қабілеттерді дамыту.

Білім алушылар заманауи технологияларды қолдануды үйреніп, өз шығармаларын жасай алады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)

Математика-физика сабақтарында электрондық платформалар мен бағдарламаларды (GeoGebra, PhET симуляторлары) қолдану білім алушылардың күрделі ұғымдарды визуализация арқылы түсінуге көмектеседі.

1. Математика сабағында GeoGebra қолдану. Тақырып: Параболаның графигі және оның коэффициенттерінің әсері. GeoGebra бағдарламасында $y=ax^2+bx+c$ функциясының графигін салуды тапсыру. Олар әрбір коэффициенттің (a , b , c) өзгеруі графиктің пішіні мен орнын қалай өзгертетінін бақылайды. Білім алушылар формуланың графикке әсерін нақтырақ түсінеді және функционалдық тәуелділіктерді көрнекі түрде қабылдайды.

2. Физика сабағында PhET симуляторын қолдану. Тақырып: Ньютон заңдарын зерттеу. PhET-тің "Forces and Motion" симуляторын пайдаланып, білім алушылардың әртүрлі күштердің әсерінен дененің қозғалысын зерттейді. Нәтижесінде заңдарды іс жүзінде қолдануды үйренеді және динамикалық құбылыстарды сандық түрде түсінеді. АКТ құралдары білім алушыларға интерактивті және шығармашылық жолмен тақырыпты меңгеруге көмектеседі. Олар зерттеушілік дағдыларды дамытып, күрделі тақырыптарды оңай түсінуіне мүмкіндік береді.

Ойын элементтерін пайдалану

Геймификация білім алушылардың белсенділігін арттырады. Мысалы, математика сабақтарында математикалық ребустар немесе физика сабақтарында эксперименттік тапсырмалар түріндегі ойындар ұйымдастыруға болады.

Топтық және жұптық жұмыс

Топтық жұмыс арқылы білім алушылар ынтымақтастықта жұмыс істеуді, бірін-бірі тыңдауды және идеялармен бөлісуді үйренеді. Бұл тәсіл әсіресе күрделі тақырыптарды меңгеруде пайдалы.

Тиімділігін арттыру жолдары:

- Әр сабақта білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру.
- Интерактивті әдістерді пәннің күрделі тақырыптарын түсіндіруде қолдану.
- Сабақ барысында тәжірибелік және өмірлік мысалдарға көбірек көңіл бөлу.
- Қолданылатын әдістердің сабақтың мақсатына сәйкестігін қамтамасыз ету.

Қорытынды

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін математика және физика сабақтарында пайдалану-білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Мұндай тәсілдер білім алушылардың тек білімін ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау қабілеттерін, өздігінен іздену және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Білім алушылардың кәсіби шеберлігін арттырып, заманауи әдістерді тиімді қолдануы – білім беру сапасын жоғарылатудың басты шарты.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдістемелік нұсқаулар.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. «Педагогика». – Алматы: Рауан, 2020.
3. Құрманалина Ш., Мұханбетжанова Ә., Ғалымова Ә. «Қазіргі білім беру технологиялары». – Астана, 2019.
4. GeoGebra және PhET ресурстары бойынша нұсқаулықтар.
5. STEM білім берудің халықаралық тәжірибесі: әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан, 2021.

Семей қаласы
“Мұқан Төлебаев атындағы музыка училищесі” КМҚК
Арнайы пән оқытушысы
Сағадиева Нұршат Төлеуқызы



ҰЛТТЫҚ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҚОБЫЗ ӨНЕРІНІҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бүгінгі таңда қоғамымыздың жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми- техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қойған жоқ.

Педагогика ғылымы мен практикасында уақыт талаптарына сәйкес сабақты өткізудің түрлі жолдары қарастырылып, оны жетілдіруде қыруар ізденістер жүзеге асырылды. Сабақта ұйымдастыруда оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру, ақыл-ойын дамыту, шығармашылықты өздік ізденіске баулу және т.б. проблемалар бойынша толассыз ғылыми ізденіс жұмыстары жан- жақты жүргізіліп келеді. Соның бірегейі, өнердің бұл саласы осы күнге дейін арнайы ғылыми *нысанасы* болмағандықтан, бұл ұлт аспабында орындаушылық мәселелері өзінің жан-жақты қарастыруын және осы *тақырыптың өзектілігін* қажет етеді. Ал жаңартылған қобыздың оркестрдегі орны, болмысы, ондағы орындаушылардың өмірбаяны мен шығармашылық жолдары, шеберлік қырлары, олардың сонымен қатар тәрбиеленген шәкірттері туралы мәселелері ғылыми түрде терең қарастырлмағаны байқалады.

Бұл тұрғыдан Ахмет Жұбанов «Ән-күй сапары» атты еңбегінде орындаушылық проблемасына ерекше көңіл бөліп, зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігін баса айтқан еді: «Қазақтың халық музыка аспаптарында орындау тарихы, баста айтқандай, шешілмейтін тақырып. Ол жөнінде әлі де тоқталу керек. Алдымыздағы ұрпақтарда біздің асқан шебер орындаушыларымыз Жаппас Қаламбаев, Дәулет Мықтыбаев, Гүлнәфис Баязитова сияқты адамдар туралы бөлек-бөлек зерттеулер шығу керек. Олардың кеңес тұсында біздің күйші аталарымыздың орындау дәстүрлерін жеткізіп берудегі еңбектері аса зор» [1, 147 б.] деген еді.

Еліміз еуропалық мәдениетке бет бұрып, алғашқы оркестр құрылған шақта, қыл қобыздың үлгісімен үш ішекті, кейіннен төрт ішекті сым қобыз пайда болды. Жаңаланған аспаптың жаңғырту жолдарын, оның оркестрдегі басты рөлін зерттеу осы тақырыптың *өзектілігін* көрсетеді.

Қазақ өнерінің тарихи жолын қарастыруда, болмыс-бітімін тануда оның ішінде музыкалық аспаптардың шығу кезеңдерін, жалпы ұлттық өнерінде алатын орнын тереңірек көздеуінің маңызы зор болды. Бұл тұрғыда көненің көзі – қобыз туралы сөз қозғалып, ұлтымыздың кең тараған аспабы екендігі ерекше аңғартады. Көне қыл қобыздың өзіндік дәстүрін, құрамындағы күйдің стиліне қатысты ерекшеліктері мен орындаушылық сипаттамасын жан-жақты ашып көрсету – өнертану ғылымының аса құрделі және көкейтесті проблемаларының бірі болып табылатындығын байқатады.

Зерттеушілер С.Руденко (1885-1969) мен М.Грязнов (1947-1949) жылдары қазба жұмыстар жүргізіп, ғылым үшін бағалы заттық айғақтар тапқан. Соның ішінде қобыз аспабына ерекше назар аударылады. Қос ішегі және қос құлағы бар аспаптың биік жасалған тиегі шанақ бетіне керілген сірі көнге орнатылған. Мұның өзі аталмыш қобыздың жасалуы қазіргі қазақ қобызының жасалу тәсіліне ұқсас екенін аңғартады [2, 825б.].

Саяхатшы-ғалым В.О.Виноградов бұл сияқты айғақтарға сүйене отырып, Орта Азия ыспалы аспаптардың отаны болған деп жазады [3, 15 б.].

Қазақтан шыққан тұңғыш ғалым, аса көрнекті ағартушы-демократ – Ш.Уәлиханов (1835-1865) өз ұлтының тарихы мен мәдениетін зерттей отырып, қазақ даласында болған шаман-бақсылардың өнеріне ерекше назар аударған. Осы жерде бақсы мен шамандардың ұлт мәдениетіндегі елеулі тұлғалар екенін және көне дәстүрінің белгісі – бақсылық пен шамандық деген. Ал бақсының ажырамас аспабы – ежелгі қазақтың қара қобызы. Оның қыл ішегінде орындау қиын болса да, үні құлаққа жағымды болып келеді-деп, құнды ғылыми ойлар білдірген [4].

Фольклоршы Б.Аманов пен өнер ғылымының докторы А.Мухамбетованың сөздеріне сүйенсек – «... согласно исследованиям В.Бахмана, распространившись за пределы кочевого мира Центральной Азии, кылкобыз стал предком всех европейских смычковых струнных инструментов: скрипки, виолончели и других» – деген дәйек сөздер келтіріледі [5, 114 б.].

Қазақ философиясы тарихында Қорқыт Ата – ел бірлігін нығайтқан кемеңгер қайраткер, түркі дүниетанымның негізін жасаған ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өзіндік орны бар философ-гуманист ретінде де көрінеді. Қорқыт Ата жайындағы аңыздардан оның бойындағы үш түрлі өнер ерекше айқындалады. Бірінші ол, оғыз қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, абыз. Екіншіден – күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы өнерпаз. Үшіншіден – әйгілі жырау, оның жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра [1, 694 б.].

Қазіргі кезде Қорқыттың 15-тен астам күйлерінің аты белгілі, бірақ нотаға түсіріліп жеткені 11 күй. Арада сан ғасырлар өтсе де, атадан балаға мұра болып қалған Қорқыт күйлері ел арасында сақталынып, біздің дәуірге жеткендігі ерекше құбылыс. Көне музыканың мұншама ғұмыры ұзақ болуын ғылыми түрде академик Ә.Марғұлан өз еңбектерінде себептерін дәлелдеп көрсеткен [6].

Жалпы Қорқыт күй әнгімелері мен топонималық аңыздармен біртұтас болып, олар мифологиялық дүниетанымнан туған мистикалық шығармалар топтамасын құрады. «Қорқыт күйлерінің бір ерекшелігі – ол әуендік байланысы мен бір-бірімен сабақтастығында. Бір күйдегі нақыш-саз, екіншісінде ашық және жасырын түрде де қайталанады деп, өз пікірін білдіреді зерттеуші М.Жарқынбеков [7, 9 б.].

Қоғамның дамуына қарай ғылым және техникаға да, оныбасқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі, осыған орай маманқызметінің мазмұны жаңартылып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіндіктерді қажет етеді. Мұндай бетбұрыстар адамның іс- әрекетін өзгертіп қана қоймай, оның жеке тұлға ретінде жаңаша қалыптасуын талап етеді. Осыған байланысты студенттерге білім беруде адамның игерген білім, дағдысымен шетелмей, оның шығармашылық белсенділігін, кәсіби біліктілігін, өз бетімен әрекет жасау мүмкіндігін, өз пәніне қызушылығын, ғылыми көзқарасын, кәсіби мәдениетін, педогогтік шеберлігін т.б қалыптастыру қажет.

Қорытындылай келе, ұлттық музыка мәдениетіндегі қобыз өнерінің орындаушылық мәселелері, қобыз өнері көне заманнан келе жатқан құнды рухани мұра екендігі ерекше көңіл бөлінді. Аспапты музыка өнерінің даму және қалыптасу жолдарын қазақ музыка мәдениеті тұрғысынан қарау абзал екені жан-жақты сипатталды. Ұлтымыздың асыл қазынасына енетін өнер түрлерінің зерттеуде жоғарыда көрсеткендей, ішіндегі ең көнесі – қобыз екені тағыда ерекше айтылды.

Сонымен, қобыз өнерінің, оның орындаушылық мәселелерінің келешігі мол, болашағы ұрпақтар жалғасында дей келе, қазіргі таңдағы музыкатану ғылымына өте қажет деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А.К. Өн-күй сапары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 479 б.
2. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002-825 б.
3. Виноградов В.О. О музыкальной археологии // Советская музыка. – М., 1971. №5, – 125 б.
4. Дәуренбеков Ж. Тұрсынов. Е. Қазақ бақсы-балгерлері. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.
5. Аманов Б. Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк Пресс, 2002. – 538 с.
6. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр аңыздар, А., 1985;
7. Жарқынбеков М. Қорқыт Елім-ай. – Алматы: Өнер, 1987. – 46 б.

г. Семей
КГКП «Музыкальное училище имени М.Тулебаева»
Преподаватель специальных дисциплин
Пляскина Оксана Анатольевна



БАЗОВЫЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ ПРЕДМЕТА «КОНЦЕРТМЕЙСТЕРСКИЙ КЛАСС» В МУЗЫКАЛЬНОМ УЧИЛИЩЕ

В статье освещаются этапы работы студента- пианиста в концертмейстерском классе при обучении в музыкальном училище. Показаны некоторые значимые этапы работы. Определены инновационные методы работы. Показано, что применение инновационных методов, наряду с традиционными методами, благотворно влияет на усовершенствование образовательного процесса. Даны рекомендации для изучения репертуара.

Ключевые слова: концертмейстер, инновации, фортепианное исполнительство, бас, оркестровое мышление, образовательный процесс, учебный репертуар.

«Концертмейстерский класс» - одна из важных дисциплин в системе специального обучения в музыкальных образовательных учреждениях среднего и высшего звена. Рассмотрим значение слова «концертмейстер». Если обратиться к теории, слово «концертмейстер» имеет немецкое происхождение. Буквальный перевод этого слова « мастер концерта». Концертмейстер всегда работает в паре с солистом. Солисты у концертмейстеров могут быть различные: вокалисты, академические и эстрадные, ансамбли, оркестр. Концертмейстер обязательно предполагает подчиненность солисту. Если рассматривать фактуру музыкальных произведений, то можно увидеть, что в каждом аккомпанементе есть сольные эпизоды, где концертмейстер исполняет тематический материал и как - бы выходит на первый план. Но при этом ошибочно было бы говорить о том, что концертмейстер становится солистом. Также слово «концертмейстер» употребляется при работе пианиста в хореографических коллективах, при работе с хором под руководством дирижера. И всегда роль концертмейстера остается подчиненной, аккомпаниаторской.

И теперь возможно подвести итог сказанному: в процессе истории значение слова «концертмейстер» видоизменилось. В данный момент оно имеет два совершенно противоположных значения: ведущий, лидирующий (в струнной группе оркестра, состоящей из нескольких человек), и подчиненный (аккомпанирующий вокалистам или другим инструментам).

На уроках по концертмейстерскому классу педагог знакомит учащихся с основной функцией баса в произведениях. Тема баса очень важна для музыканта. Для выяснения основных функций баса необходимо обратиться к истории. Импровизация в то время была повсеместной. Не допускалось только импровизировать бас. Со временем отношение к басу становилось более гибким, потому как музыка создавалась все более контрастной и динамично меняющейся внутри отдельно взятой формы. А в наше время намного упрощается задача исполнителя: привычные нам ноты-это когда выписаны все голоса, партии; даются все указания- авторские, редакторские; выписана динамика, штрихи, указан темп произведения. Бах выписывал только бас, в сопровождении цифрованных указаний с знаками альтерации. Такая форма записи партии аккомпанирующего клавишного баса в то время была очень популярной и называлась «генерал- бас».

Одной из главных задач на уроках концертмейстерского класса является понятие оркестрового мышления. Оркестровые краски, колористические особенности звучания оркестровой музыки- осознание

этого и называется оркестровым мышлением. Для того чтобы понять, как возникает оркестровое звучание, необходимо знать, какие инструменты включены в оркестровые группы; знать особенности этих инструментов, способы звукоизвлечения на них. Необходимо помнить, что оркестр- это одновременное звучание множества различных инструментов, разных по своей природе. Поэтому оркестровое мышление является серьезной проблемой для пианистов концертмейстеров.

Теперь рассмотрим симфонический оркестр. Сначала необходимо разобрать основную группу оркестра- это струнная группа. Плавное и певучее исполнение музыки смычком требует от пианиста тщательного legato, с мягким движением запястья, нежным туше, кончиков пальцев, глубоко погруженных в клавиши. Только на струнных инструментах возможно большее разнообразие штрихов, многие из которых недоступны пианистам, даже им неизвестны. Следующей группой симфонического оркестра будут деревянные духовые инструменты. Эта группа очень контрастна и не так цельна, как группа струнных инструментов. Звучание каждого из этих инструментов на фортепиано будет исполняться по разному. Как группа, деревянные духовые принципиально отличается от группы струнных инструментов: общая тембровая окраска у них более матовая, не такая яркая. Следующая группа симфонического оркестра- медные духовые инструменты. У них яркий, наполненный тембр, активная атака, огромный динамический диапазон, некоторая прямолинейность в построении музыкальной фразы- их особенность. Для пианиста, создающего на фортепиано звучание медных духовых, необходимо четкое, мужественное туше, богатая правая педаль, акцентированность в *f* и в *ff*. Удары литавр требуют от пианиста точного, четкого прикосновения в сочетании с правой pedalю, применение которой зависит от акустики и особенностей данного рояля. Нужно отметить очень важную черту оркестрового мышления, отличного от фортепианного. Оркестровое исполнение- одновременное действие большого количества людей. Все это сложнейшее сочетание, во главе которого стоит дирижер. В сольном исполнении свободные изменения темпа- вещь естественная, повсеместная, ни у кого не вызывающая сомнений. Но в оркестре изменения темпа не могут происходить так легко, как в игре одного исполнителя. В чем-то оркестр будет уступать солисту в гибкости, мобильности. Это совершенно естественно. Поэтому концертмейстеру необходимо это осознавать и не использовать в своей игре романтическое *rubato*.

Необходимо обратить внимание на то ,что сейчас активно используются информационно-коммуникативные технологии в различных сферах образовательной деятельности, и в работе концертмейстера в том числе. Чтобы усовершенствовать свою работу пианисты- концертмейстеры постоянно изучают новую нотную литературу, занимаются на инструменте, но, не смотря на это, все чаще им приходится обращаться к мультимедийным источникам. Например, использование мультимедийных программ с музыкальными проигрывателями: Aimp, Winamp, J.RiverMediaCenter которые поддерживают очень большое количество форматов музыки — AAC, MP3, WMA, WAV, FLAC. Таким образом, можно сказать, что комплексное сочетание всех проявлений инновационной деятельности концертмейстера направлено на развитие личности учащегося, на раскрытие его способностей, и на обеспечение целостного педагогического процесса. А также стоит добавить, что применение инновационных методов работы при изучении предмета «концертмейстерский класс» требует постоянного саморазвития и повышения квалификации педагога.

Список использованной литературы:

Ойындардың практикалық маңызы зор. Дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын дене жаттығуларының ішінде өмірлік маңызы бар және күнделікті өмірде оқушылардың дене шынықтыру құралдарын күнделікті әртүрлі жағдайларда қолдануға дағдыландыру үшін қолданылатындары өте көп.

Қозғалмалы ойындар балалардың жалпы дене тәрбиесінің құралы, сондай-ақ спорттық ойындарға және басқа спорт түрлеріне дайындық құралы ретінде қолданылады.

Спорттық ойындар қозғалмалы ойындардың ең жоғары деңгейі болып табылады. Спорттық ойындар үшін ойын кезінде күрделі қозғалыс техникасы мен белгілі бір мінез-құлық тактикасының болуы тән. Бұл қатысушылардан арнайы дайындықты қажет етеді. Әрбір ойын нақты белгіленген ойыншылар санына, белгілі бір аумаққа, инвентарға арналған.

Өзінің ықпалы жағынан спорттық ойындар адамның психомоторлы дағдыларын дамытудың ең күрделі және әмбебап құралы болып табылады. Арнайы таңдалған ойын жаттығулары жеке, екіден, үштікте, командада орындалатын қозғалмалы ойындар мен доппен тапсырмалар бірінші кезекте координация қабілеттерін (кеңістікте бағдарлау, реакциялардың жылдамдығы және қозғалыс әрекеттерін қайта құру, саралау мен бағалаудың дәлдігі), қозғалыстардың кеңістіктік, қуат және уақытша параметрлері, жеке қозғалыстарды интегралдық комбинацияларға үйлестіру мүмкіндігін дамытуға шексіз мүмкіндіктер береді. Спорттық ойындардың мәні мен ерекшелігі үшін жағдайлардың лезде өзгеруі, ең қысқа уақыт аралықтарында шешім қабылдау қажеттілігі, күрделі қозғалыс әрекетінде бағдарлану, доппен және допсыз әртүрлі қозғалыс әрекеттерін орындау болып табылады.

Жастар мен ересектер арасында кең тараған спорттық ойындарды қазіргі өмірдің үлгісі деп санайтыны бекер емес. Сонымен қатар, спорттық ойындар туралы материал қатысатын психикалық процестердің (қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау, қиял және т.б.), негізінен ойын жаттығуларының ережелері мен шарттарын және ойынның өзін сақтау қажеттілігінен туындайтын адамгершілік-еріктік қасиеттерді тәрбиелеудің, серіктестер мен бәсекелестердің жеке, топтық және командалық өзара әрекетін үйлестіру процесінің дамуына көп жақты әсер етеді. Әсіресе ойын жаттығулары бастамашылық және тәуелсіздік сияқты ерікті қасиеттердің дамуына ықпал етеді, өйткені ойыншы өз бетінше тез және уақытылы шешім қабылдауға және қозғалыс әрекеттерін орындауға тиіс.

Заманауи спорттық ойындар – жоғары қозғалыс белсенділігімен, ойын әрекеттерінің жоғары қарқындылығымен сипатталатын, ойыншыдан жылдамдық-күш сапаларының функционалдық мүмкіндіктерін шектеуді талап ететін спорттық ойын.

Жалпы, спорттық және қозғалмалы ойындар арқылы дене қасиеттерін дамыту жұмыстары баланың жан-жақты үйлесімді дамуына әкеледі, оның толық денсаулығын, дене қасиеттерінің қимыл-қозғалысының жан-жақты дамуын және салауатты өмір салтын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Белгілі бір сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сабақ тақырыбына, жеке ерекшеліктеріне қарай ойынды дұрыс таңдау дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықты оятып, белсендіруге ықпал етеді. Осының барлығы сыныпта қолайлы, тұрақты жағдай жасап, денсаулық сақтау технологияларының элементі болып табылады.

Абай облысы, Семей қаласы
"№49 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Макебаева Маржан Сайлаубековна



ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ПЕДАГОГТЫҢ МАҢИЗЫ

Қазіргі қоғамдағы маңызды тұлғалардың бірі - педагог. Оған өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру міндеті жүктелген. Ол оқушылардың белсенді оқу-танымдық, еңбек, қоғамдық және эстетикалық қызметін ұйымдастырушы болып табылады. Педагогтың балаларды тәрбиелеу мен білім берудегі, олардың бай рухани әлемін дамытудағы рөлі ерекше.

Педагог-жас тұлғаның рухани әлемінің мүсіншісі, қоғамның сенімді адамы. Бұл ең асыл және ең қиын мамандық және ұстаздыққа өмірін арнаған адамнан үнемі шығармашылықты, тынымсыз жұмысты, үлкен рухани жомарттықты, балаларға деген сүйіспеншілікті, іске шексіз адалдықты талап етеді. Қазіргі қоғамда педагог елдің, әлемнің ішкі және халықаралық өміріндегі оқиғалардан хабардар болуы керек. Педагогтың кәсіби қызметінің міндеттері алуан түрлі және күрделі болғандығы соншалықты, оның өз бетімен үнемі және үздіксіз жұмыс істеуі объективті қажеттілік болып табылады. Әр педагог өз балаларын жақсы білуі керек: онсыз оларды оқыту және тәрбиелеу мүмкін емес.

Педагог балалар әлемі мен ересектер әлемі арасындағы делдал. Сондықтан оның басты міндеті – дамыған тұлға тәрбиелеу және балалардың қалыптасуында, олардың әлеуметтік бейімделуіне үлес қосу. Қоғамымыздың ертеңгі күні қандай болатыны педагог қызметінің нәтижесіне байланысты. Педагог әрбір шәкіртінің тағдырына жауапты.

Өскелең ұрпақтың үздіксіз білім беруіндегі педагогтың рөлі баланы оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету, балабақша мен мектепте оқыту арасында сабақтастық құру болып табылады. Үздіксіз білім мен тәрбие беру жағдайында педагогтың тұлғасы белгілі бір қасиеттер мен белгілердің жиынтығы ғана емес, сонымен бірге мотивациялық, кәсіптік, педагогикалық және танымдық бағыттылығымен ерекшеленеді. Сол себепті, педагогикалық білімі бар саналы, зерделі ұстаз – өз ісінің шебері болып табылады.

Маманның кәсіптік-педагогикалық бағыттылығы оның мамандыққа деген құштарлығын, өзін-өзі шығармашылықпен жетілдіруге қабілеттілігін, педагогикалық қырағылығын, білім беру кезеңдері арасындағы сабақтастыққа жету нәтижелерін болжауды, әріптестерімен, балаларымен және олардың қарым-қатынасындағы педагогикалық тактіні білдіреді.

Қазіргі жағдайда педагогикалық қызмет саласының кеңеюіне байланысты педагог маманында дәстүрлі рөлмен қатар жаңа рөлдер пайда болуда:

- модератордың рөлі- балалардың әлеуетті мүмкіндіктерін, оның қабілеттерін ашуға арналған қызметті модерациялау;
- кеңесшінің рөлі - мәселелерді шешу жолдарын көрсететін іс – әрекет тәсілдері мен шешімді білу;
- тәрбиешінің рөлі - баланы сүйемелдеуді жүзеге асыру мүмкіндігі.

Барлық педагогтардың еңбегі - қай салада болмасын білім беру саласындағы еңбек қана емес, ол – адам тәрбиесі. Қазіргі кезде білім беру мазмұны оқыту, тәрбиелеу, дамыту және білім беру сияқты компоненттерді қамтиды.

Оқу-тәрбие беру әрекеті - бұл білім берушінің педагогикалық өнері, соның арқасында өсіп келе жатқан тұлғаның табиғи қабілеттері дамиды. Баланың балалық шақтағы жетістігі көбінесе ересектердің балада көрінетін қабілеттердегі табиғи және әлеуметтік бірлікті, олардың нақты арақатынасын қаншалықты түсінетіндігіне байланысты. Жас пен жеке тұлғаның шебер үйлесімі эмоционалды әл-ауқат пен толыққанды психикалық дамуды қамтамасыз ете алады. Бұл жерде педагогтың кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігінің болуы, өзіне жоғары көңіл бөлу қажет. Әр педагог өз деңгейінде кәсіби маман болуға, яғни әртүрлі педагогикалық жағдайларда жұмыс тәжірибесіне ие болуға міндетті. Педагогтың қызметі арқылы балалар мен ересектер арасындағы "сенім аймағы", олардың өзара түсіністік жолы қалыптасады.

Педагогтың меңгеруі тиіс білім, білік, дағдылары кең және нағыз педагог маманы негізгі тұлғалық қасиеттерге ие болуы керек:

Біріншісі – педагогтың кәсіби шеберлігі. Бұл психологиялық білім мен балалармен жұмыс істеу дағдыларының, сонымен қатар кәсіби қабілеттер мен қызығушылықтардың жиынтығы. Кәсіби дайындық педагогикалық қарым-қатынас стилін, оның басқалармен қарым-қатынасын анықтайды. Кәсібилік өзін-өзі оқытуды емес, білімге емес, оқу үдерісін басқаруға бағытталған оқуды анықтайды. Педагогикалық шеберліктің өзегі – адам тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз ететін барлық процестерді басқару.

Екінші қасиет - эмпатия. Бұл адамдардың эмоционалды тәжірибесіне сезімдердің көмегімен ену. Нағыз педагогтың бойында осындай тұлғалық қасиет болуы керек, ол балаларға жанашырлық танытып, балаларды да осы қасиетке үйретуі керек. Бұл адамдарды жақындастыратын және олардың қарым-қатынасын тудыратын қасиет.

Үшінші қасиет – педагогикалық әдептілік, ол маманның өзін әдептілік шегіне сай, лайықты ұстауынан көрінеді. Педагог балаларғы деген сүйіспеншілікті де, сенімділік пен бақылауды да біріктіруі керек. Педагог әдепті болса, сол арқылы ол өзінің шеберлігі мен кәсібилігін көрсетеді.

Осыған байланысты нағыз педагог маманының оқу-танымдық, тәрбиелік-ұйымдастырушылық және оқу-логикалық қабілеттері болуы керек.

Оқу-танымдық арнайы әдістемелік әдебиеттермен, анықтамалықтармен жұмыс істей білу, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты салыстыру, жаңа кәсіби маңызды білімдерді алу мүмкіндігін қамтиды. Баланы, оның оқу материалы бойынша өз білімін меңгеру динамикасын бақылау, алынған мәліметтер негізінде педагогикалық жағдаяттарды модельдеу және оқу міндеттерін оңтайлы жүзеге асырудың нұсқаларын теориялық тұрғыдан негіздеу маңызды.

Тәрбиелік және ұйымдастырушылық дағдыларға үздіксіз білім-тәрбие беру, оның ішінде міндетті және қосымша білім беру бойынша ұзақ мерзімді және күнтізбелік жұмыстарды жоспарлау, сондай-ақ балаларды өздігінен білім алуға үйретуді ұйымдастыру жатады.

Педагог балаларға жеке көзқараспен қарауы, баланы одан әрі тәрбиелеуге арналған білім беру бағдарламасын таңдау бойынша ата-аналармен профилактикалық және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуі керек. Педагог баланың тәрбиесінің болашағын көріп, оны ата-аналарға дұрыс жеткізе білуі қажет.

Оқу-логикалық дағдылар деп жұмыс барысында туындайтын психологиялық-педагогикалық мәселелерді өз бетінше шеше білу, әріптестерінің жұмысын және өз іс-әрекетін өз бетінше талдай білу, ғылыми презентацияларды дәйекті, логикалық, дәлелді құра білу, өз іс-әрекетін жоспарлай білу; оқыту кезеңіне сәйкес келетін жұмыс әдістері мен оқу құралдарын таңдауды айтады.

Осылайша, прогрессивті дамушы әлемдегі педагогтың рөлі өскелең ұрпақты тәрбиелеп, үлкендердің ісін жалғастырумен қоғам дамуының жоғары, мәдени деңгейінде ұрпақ қалыптастыру. Педагогикалық қызмет саласы білім беру, оқыту және тәрбиелеу болып табылады. Әрине, педагог қоғамның болашағын, оның ғылымы мен мәдениетінің болашағын қалыптастырады деп айтуға болады. Сондықтан барлық уақытта ағартушылықтың көрнекті қайраткерлері педагогтың қоғам өміріндегі рөлін жоғары бағалады.

Қазіргі жалпы білім берудің алдында модернизация мен инновациялық дамудың ауқымды міндеттері тұрған кезде педагогтың қызмет аясы айтарлықтай кеңейіп келеді. Бүгінгі таңда жеке тұлға мен отбасының талаптарының, қоғам мен мемлекеттің білім беру саласындағы күтуінің өзгеру жағдайында мен педагог ретінде, әрине, балаларға тек білім беруден, білімнен де көп нәрсе беруім керек екенін түсінемін. Себебі, менің тәрбиеленушілерімнің болашағы, олардың әрқайсысы өмірде қандай бағытты қабылдайтыны, қандай принциптерді басшылыққа алатындығы, қандай мақсаттар басымдыққа ие бола алатындығы, өз Отанының патриоттары бола алатындығы маған байланысты.

**КГУ «Северная основная общеобразовательная школа»
Отдела образования Щербактинского района, управления образования Павлодарской области
Воспитатель мини-центра “Бүлдіршін”
Арынова Динара Жосулановна**



ИГРЫ-ЭКСПЕРИМЕНТИРОВАНИЯ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ

Развитие познавательных способностей и познавательной активности детей-одна из важнейших проблем воспитания и развития детей. Под познавательными способностями детей детского сада следует понимать деятельность, проявляющуюся в процессе познания. Она проявляется в заинтересованном восприятии информации, в уточнении, углублении знаний, поиске ответов на интересующие вопросы, в проявлении элементов творчества, в умении овладеть методом познания и применить его к другому материалу.

Дошкольный этап детства является весьма важным для ребенка, ведь данный этап является переходом на следующий возрастной период - младший школьный возраст. Одним из наиболее важных условий в данном направлении является организация различных видов образовательной деятельности, а также формирование мотивов для успешного овладения знаниями. Поэтому можно отметить, что процесс развития познавательной активности должен быть не только увлекательным, но и плодотворным, образовательным.

Без проведения специальных занятий невозможно интенсивное развитие познавательных способностей детей. Основным уроком развития познавательных способностей детей детского сада и важнейшей деятельностью ребенка должна стать игра. В игре психическое развитие, формирование личности ребенка происходит естественным образом для ребенка. В процессе игры дети получают различные знания об объектах и явлениях окружающего мира.

Познавательная активность дошкольника не может возникнуть самостоятельно. Подкреплять и совершенствовать данный компонент необходимо посредством различных методов и средств, одним из которых являются игры - экспериментирования. Именно игры-эксперименты способны развить познавательную активность, заинтересовать дошкольника в овладении знаниями.

Стоит отметить, что именно такие игры способны предоставить знания дошкольникам не теоретически, а практически. Посредством игр- экспериментирования дошкольники могут прикоснуться к изучаемому объекту, смогут выделить и изучить его свойства, его взаимодействие с другими объектами и прочее. В процессе такой деятельности умственная деятельность дошкольника активизируется, у ребенка формируется интерес к познанию нового, еще им неизведанного, в последующем результат такой деятельности может быть закреплен в процессе бесед, анализе собственной деятельности, что также влияет на речевое развитие.

Игра - экспериментирования - важнейшее средство психического развития ребенка. Знания, полученные в детском саду и дома, находят практическое применение и развитие в игре. Увлекательные игры создают веселое, радостное настроение, делают жизнь детей полноценной, удовлетворяют их потребность в активной деятельности. Только при хорошей организации и грамотном проведении образовательной игры дети получают знания и навыки.

Игра - экспериментирования как средство развития познавательной деятельности детей среднего дошкольного возраста включает большие потенциальные возможности:

- усиливает познавательные процессы;
- развивает интерес и внимательность детей дошкольного возраста;
- развивает способности; вводит детей в жизненные ситуации;
- учит их работать по правилам, развивает любознательность.

В процессе игр - экспериментирования, начиная с младшей группы (по типу игр «тонет - не тонет», «мокрый - сухой») до старшей группы (игр-экспериментов с электричеством), дошкольники получают положительный эмоциональный опыт, учатся исследовать, обсуждать и работать в команде. Стоит отметить, что сначала такие игры-эксперименты являются неотъемлемой частью специально созданного образовательного процесса (например, в процессе занятий), далее материалы для игр-экспериментов могут вноситься в игровую среду, где дошкольники могут самостоятельно исследовать и получать знания. Именно самостоятельность, на мой взгляд, поможет дошкольникам в развитии познавательной активности.

Организация игр-экспериментирования осуществляется воспитателем по трем основным направлениям: подготовка к проведению игры, ее проведение и подведение итогов игры (рефлексия).

Подготовка к игре включает:

- соответствие игры с задачами воспитания и обучения: углубление и обобщение знаний, развитие сенсорных способностей, активация психических процессов и др.;
- определение соответствия игры определенной возрастной группе;
- определение комфортного времени игры (на уроке, в свободной деятельности или режимных моментах);
- определение игрового места, в которое дети могут играть, не мешая друг другу;
- определение количества игроков (индивидуально, с подгруппой или группой);
- подготовка наглядности, необходимого материала для выбранной игры;
- подготовка самого воспитателя к проведению игры: сначала он должен сам изучить и понять все направления игры, место в игре, методы управления игрой;
- подготовка детей к игре: обогащение их знаниями, пониманием предметов и явлений окружающей жизни, необходимых для решения игровой задачи.

Также одним из методов совершенствования педагогического процесса в детском саду и стимулирования развития психофизиологического потенциала детей с раннего возраста является организация игрового пространства. Обеспечение объективной возможности творческой деятельности, позволяющей максимально выявить таланты и реализовать способности каждого ребенка, становится главной задачей коллектива воспитателей. Исследования в этой области, проведенные отечественными педагогами, психологами и воспитателями на протяжении многих десятилетий, позволили накопить достаточный опыт с точки зрения воспитания и обучения детей в детском саду на основе создания развивающей игровой среды.

Таким образом, можно отметить следующее: под познавательной активностью дошкольника, понимается процесс проявления мотивации к овладению знаниями, умение индивида строить собственный путь к саморазвитию, тем самым реализовывая собственный индивидуальный маршрут для получения знаний и умений, а также наличие познавательного интереса в процессе познания. Познавательная активность дошкольника не может возникнуть самостоятельно. Подкреплять и совершенствовать данный компонент необходимо посредством различных методов и средств, одним из которых являются игры-экспериментирования. В процессе такой деятельности умственная деятельность дошкольника активизируется, у ребенка формируется интерес к познанию нового, еще им неизведанного.

Использованные литературы:

1. Корепанова, Е.В. Психологическое здоровье детей дошкольного возраста в русле тенденций развития современного образования / Е.В. Корепанова, Д.В. Комель // Наука и Образование. - 2019. - Т. 2. - № 2. - С. 172;
2. Лапина, И.В. Адаптация детей при поступлении в детский сад. Программа. Психолого-педагогическое сопровождение. Комплексные занятия / И.В. Лапина. - М.: Учитель, 2013;
3. Антюхина. А.В. Игры и их роль в дошкольном возрасте/ А.В. Антюхина. М., 2012. 271с.

**Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Сарыжар ауылы
Хлебодаровка жалпы орта білім беретін мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор
Альпеисова Асел Абаевна**



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АҚ ТАҢЫ!»

Мақсаты:

-Оқушыларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.
Оқушылардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту.

(Әжесі жүн түтіп отырады. Немересі далада ойнап жүреді)

Әжесі: Е-е-е-е... — тәуба! Бергеніне шүкір...

Немересі: Әже, әжетай! Далада керемет болып жатыр, аспанға жарқылдаған салют атып, адамдар қуанышқа бөлініп жатыр. Жүріңіз, көрейік!

Әжесі: Е-е-е-е, жарығым бұл қуаныш. Тәуелсіздіктің мейрамына арналған керемет, қой. Жақсылығымыз ұзағынан болсын!

Немересі: Әжетай, Тәуелсіз деген не?

Әжесі: Тәуелсіздік деген еркіндігің, бостандығың, бақытың, балам. Біздің кезімізде мұндай еркіндік болған жоқ.

Немересі: Сол өміріңіз туралы айтып беріңізші?

Әжесі: Әй, балам-ай, өткен өмірді көз алдыма елестетсем шуылдап, басым айналады. Аздап тынықпасам болмас

. (Әжесі немересімен қисайып жата кетеді).

Күн: Мен- күнмін!

Күлгенім- сәуле, құшағым- жалын, жүзім- нұр,

Әлсіздер менен "әттең"- деп үміт үзіп жүр.

Болашағымды демесін ешкім "бұлыңғыр"

Ертең- ақ жанам, болмасам дағы бүгін дүр.

Қыран: Мен қыранмын - еркіндікті құп көрген,

Мақтанатын қазақ деген мықты елмен.

Мен бар жердің несібесі молайып,

Мен бар жерге әрқашанда құт келген!

Мен қыранмын – патшасымын құстардың,

Биік ұшып, биіктікті ұстандым...

Төмендегі кең даламды үнемі,

Мұхит болып, ғалам болып құшқанмын.

Немересі: (көзін уқалап тұрады) — Әже, жап-жарық күнді көрдім. Көп түс көрдім.



Әжесі: Е-е-е-е..., ол сенің бақытың, балам. Тәуелсіздігінің мәңгі жарық күні.

Немересі: Ендеше мен ұстаздарымнан, жолдастарымнан сүйінші сұраймын. Алақай, сүйінші! Тәуелсіздіктің ақ таңы атып келді!

Жүргізуші: Елдің ұлы мейрамы.

Жаңа шыққан көктемдей,

Жаз күніндей жайдары.

Арымыздай тап-таза

Жанымыздай шуақты!

Көтерілді биікке

Қазақстан байрағы, деп Көк тудың желбірегені әні орындалады.



**ШҚО, Самар ауданы, Самар ауылы
КМҚК "Дәншік" бөбекжай-балабақшасы
Тәрбиеші
Айдарқызы Мөлдір**

ЗАМАНАУИ БАЛАБАҚШАЛАРДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ДАМУДА ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Интерактивті технологиялар - бұл баланың мультимедиялық экрандар, интерактивті тақталар мен үстелдер, компьютерлер қолданылатын оқыту жүйесінің белсенді қатысушысы болу процесі.

Интерактивті ойындар балалардың әлеуметтік дамуына және белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Олар өздерінің заңдары мен мінез-құлық нормаларына сәйкес өмір сүретін сиқырлы ойын әлемін жасайды. Балалар өздерінің эмоцияларын жасырмауы керек, олар ойынның басқа қатысушыларымен ауызша немесе вербалды емес түрде еркін сөйлесе алады, әртүрлі рөлдерді ойнай алады, залда еркін қозғалады немесе ережелерге сәйкес бір жерде шыдамдылықпен отыра алады, сонымен қатар шешім қабылдай алады.

Қазіргі әлем үлкен қарқынмен дамып келеді. Компьютерлік технологиялар бізді барлық жерде белсенді түрде сүйемелдейді: күнделікті өмірде, жұмыста.

Ойын кезіндегі өзара әрекеттесу тұлғаның әлеуметтену және даму процесін қолдайды, сонымен қатар бұрыннан бар дағдылардың дамуы мен интеграциясын тексеруге мүмкіндік береді. Балалардың интерактивті ойындарының арқасында балалар бір-бірімен тезірек байланыс орнатады, ойынға белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ойын реакция қарқынын жеделдетуге көмектеседі және сонымен бірге олардың жағымсыз және жағымды эмоцияларын білдіруге мүмкіндік береді. Интерактивті ойындар әртүрлі тақырыптарды қамтуы мүмкін, мысалы, өз денеңізді зерттеу, өзара байланыстар мен сезімдер, отбасы немесе достар, Мектеп немесе үй, сыйлықтар немесе хаттар, өз көңіл-күйіңізді, қуанышыңызды, қайғыңызды немесе жетілуіңізді суреттеу; жыл мезгілдері, түстер немесе дәмдер.

Интерактивті оқытудың мәні-балалардың барлығы дерлік таным процесіне қатысады.

Интерактивті технология мектеп жасына дейінгі балаларда жаңа қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған:

- әр мектеп жасына дейінгі баланың жеке зияткерлік белсенділігі жанданады;
- тұлғааралық қатынастар дамиды, балалар қарым-қатынастағы коммуникативті кедергілерді

(қаттылық, сенімсіздік) жеңуге үйренеді, сәттілік жағдайы қалыптасады;
- әр баланың өзі- өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту үшін жағдайлар жасалады.

Балалармен жұмыс істеуге интерактивті технологияларды енгізу мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, біртіндеп жүзеге асырылады.

Интерактивті және мультимедиялық құралдар балаларды шабыттандыруға және жаңа білімді игеруге шақыруға арналған. Интерактивті тақта оқу ақпаратын ұсыну мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді, баланың ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологияларды (түстер, графика, дыбыс, заманауи бейне жабдықтары) қолдану әртүрлі жағдайлар мен орталарды модельдеуге мүмкіндік береді. Мультимедиялық бағдарламаларға енгізілген ойын компоненттері балалардың танымдық белсенділігін арттырады және материалды игеруді күшейтеді.

Интерактивті тақталар, компьютерлер сияқты интерактивті оқыту құралдары балалардың дамуын диагностикалауда керемет көмекші болады:

- зейінді дамыту;
- есте сақтау;
- ойлау және сөйлеу, оқу іс-әрекетінің дағдылары.

Ақпараттық мәдениетке ену-бұл компьютерлік сауаттылықты игеру ғана емес, сонымен қатар этикалық, эстетикалық және интеллектуалды сезімталдықты алу. Әртүрлі электронды, компьютерлік инновациялармен жұмыс істеді балалардың оңай меңгеретіні күмән тудырмайды; сонымен бірге олардың компьютерге тәуелді болмай, адамның жанды, эмоционалды қарым-қатынасын бағалай білуі және оған ұмтылуы маңызды.

Интерактивті кешендерді қолдана отырып оқыту сапалы, қызықты және нәтижелі болады. Оқу процесінде электрондық мультимедиялық оқыту бағдарламаларын жүйелі пайдалану жағдайында дәстүрлі оқыту әдістерімен және педагогикалық инновациялармен үйлесімде көп деңгейлі дайындығы бар балаларды оқытудың тиімділігі едәуір артады. Бұл ретте бірнеше технологиялардың бір мезгілде әсер етуіне байланысты білім беру нәтижесінің сапалы күшеюі байқалады. Электрондық оқытуда медианы қолдану балаларға ақпарат беру жылдамдығын арттырып, оны түсіну деңгейін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар интуиция, бейнелі ойлау сияқты маңызды қасиеттердің дамуына ықпал етеді.

Сабақтарда интерактивті тақтаны қолдану әдістері тек сіздің қиялыңызбен шектелуі мүмкін. Бұл презентациялар да, интерактивті оқыту бағдарламалары және графикалық, бағдарламалық жобалар құру да болуы мүмкін.

Интерактивті дидактикалық ойын-бұл органикалық бірлікте әрекет ететін білім беру, дамыту және тәрбиелеу функциялары бар оқыту мен тәрбиелеудің заманауи және танылған әдісі.

Интерактивті дидактикалық ойындарды оқыту, тәрбиелеу және дамыту құралы ретінде кеңінен қолдануға болады. Оқытудың негізгі әсері балалардың белсенділігін белгілі бір бағытқа бағыттайтын дидактикалық материалға жатады.

Интерактивті дидактикалық ойынның белгілі бір нәтижесі бар, ол ойынның соңы болып табылады, ойынға толықтық береді. Ол, ең алдымен, тапсырманы шешу түрінде әрекет етеді және мектеп жасына дейінгі балаларға моральдық және психикалық қанағат береді. Мұғалім үшін ойынның нәтижесі әрқашан балалардың жетістіктері деңгейінің немесе білімді игерудің немесе оларды қолданудың көрсеткіші болып табылады.

Интерактивті дидактикалық ойындарды танымдық, бақылаушы, жалпылау деп бөліп қарастыруға болады. Егер ойынға қатысатын мектеп жасына дейінгі балалар жаңа білім, білік және дағдыларды игерсе немесе оларды ойынға дайындалу барысында игерсе, ойын танымдық болады. Сонымен қатар, білімді меңгерудің нәтижесі соғұрлым жақсы болады, танымдық әрекет мотиві ойында ғана емес, материалдың өзінде де соғұрлым айқын көрінеді.

Ойынның дидактикалық мақсаты бұрын алған білімдерін қайталау, бекіту, тексерболса, онда ойын бақылаушы болады. Оған қатысу үшін әр балаға белгілі бір дайындық қажет.

Жалпылау ойындары білімді біріктіруді талап етеді. Олар әртүрлі жағдайларда әрекет ету қабілетін меңгеруге бағытталған пәнаралық байланыстарды орнатуға ықпал етеді.

Осылайша, интерактивті оқыту педагогиканың қызықты, шығармашылық, перспективалық бағыты екені сөзсіз. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға көмектеседі. Интерактивті технологияны қолдану балалардың қоршаған әлем туралы, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасы туралы білімдері мен түсініктерін байытуға мүмкіндік береді, балаларды әлеуметтік қатынастар жүйесінде белсенді өзара әрекеттесуге шақырады.

г.Астана
Школа - гимназия №32
Учитель географии
Есова Корлан Айтжановна

АТМОСФЕРА И ЕЕ СОСТАВНЫЕ ЧАСТИ

Раздел		Физическая география			
ФИО педагога		Есова Корлан Айтжановна			
Дата					
Класс 7		Количество присутствующих: 26		отсутствующих:2	
Тема урока		Атмосфера и ее составные части			
Цели обучения, которые достигаются на данном уроке (ссылка на учебную программу)		7.3.2.1 характеризует состав атмосферы 7.3.2.2 графически представляет и объясняет строение и особенности слоев атмосферы			
Цель урока		Определять состав атмосферы Графически представлять и объяснять строение и особенности слоёв атмосферы			
Ход урока					
Этапы урока/ Время	Деятельность учителя	Деятельность обучающихся	Деятельность ученика с ООП	Оценивание	Ресурсы
Начало урока Время: 5 мин	Организационный момент Создание коллаборативной среды Посмотрите друг на друга, улыбнитесь и обратитесь с приветствием друг- другу. Пусть хорошее настроение будет сегодня нашим спутником. Деление на группы. Стратегия «Пазлы» Прием «Посмотри, определи, скажи» Просмотр и обсуждение видеоролика «Атмосфера». Определение темы урока и этап целеполагания. Тема урока: : Атмосфера и ее составные части	-Дети встают и приветствуют учителя , друг друга -Просматривают видеоролик -Учащиеся озвучивают свои версии по теме и цели урока. -Записывают в тетради тему урока	-Приветствует учителя и одноклассников -Просматривает и обсуждает видеоролик - Записывает в тетради тему урока	Комментарии учителя	Интерактивная доска. Презентация Учебник География Автор : Р.А.Каратабанов, Ж.Р. Байметова Издательство: Алматы кітап 2017 https://www.youtube.com/watch?v=aZqH85veGbg
Середина урока 25 мин	Изучение нового материала: Форма организации работы: индивидуальная АМО: «Инсерт» Задание №1: Ознакомьтесь с текстом учебника. Стр 128-129 Дайте определение термину “Атмосфера” Обсудите в паре какие газы входят в состав атмосферы? Докажите, что воздух смесь газов. Атмосфера, её составные части (кислород, углекислый	Дескрипторы: -Дают определение понятию “Атмосфера” -1 б -Из текста определяют, какие газы входят в состав атмосферы. И их процентное соотношение.-2 б	Задание 1 1. Дайте определение понятию атмосфера. 2. Рассмотрите рисунок газовый состав атмосферы , ответь на вопросы а.из каких газов состоит атмосферный воздух? б. определи какой газ в составе атмосферы Земли занимает 20,95%	Взаимооценивание, комментарии учителя	1.Учебник География Каратабанов в Р.А., 7класс, 2.Раздаточный материал 3.Атлас Карточки

	газ, азот и другие компоненты), создают условия, в которых мы можем жить и развиваться. Без неё не было бы жизни на Земле. Задание №2. Работа в группе Атмосфера состоит из нескольких слоев. Какие это слои вы сейчас узнаете. Для этого вы поработаете в группах. Работа с учебником Прочитайте часть текста учебника о атмосферном слое, расскажите об этом слое по плану: <i>План характеристики</i> 1. Название 2. Газовый состав, температуру 3. На какой высоте расположен, мощность 4. Главные особенности слоя, какие явления проявляются в слое. Свой рассказ представьте в виде кластера. 1 группа. Тропосфера 2 группа. Стратосфера 3 группа. Верхние слои атмосферы	Дескрипторы: -Определяют мощность слоя атмосферы.-1б -Определяют газовый состав и температуру слоя атмосферы.1б -Дают краткую характеристику атмосферного слоя-1б Выступление групп	Дескриптор: - дает определение понятию атмосфер -1б - называет газовый состав атмосферного воздуха-1б - определяет какой газ занимает 20,95%-1б Задание №2 Прочитайте текст на карточке , заполни таблицу. На основе прочитанного текста, определи особенности слоя атмосферы «Тропосфера». <table border="1"> <tr> <td>Слой атмосферы</td> <td>Особенности слоя атмосферы</td> </tr> <tr> <td>Тропосфера</td> <td></td> </tr> </table> Дескрипторы: - определяет особенности тропосферы-3 б	Слой атмосферы	Особенности слоя атмосферы	Тропосфера			
Слой атмосферы	Особенности слоя атмосферы								
Тропосфера									
Конец урока 10 мин.	Закрепление. Индивидуальная работа Прием «Незаконченное предложение» Задание №3 Заполните пропуски 1) 78% воздуха атмосферы Земли составляет ... 2) Слой атмосферы, в котором содержится 80% массы воздуха и почти весь водяной пар, называется ... 3) Озоновый слой находится в ... 4) «Фабрикой погоды» называют слой.... Рефлексия: телеграмма на стикерах пишут свои мнения Что нового узнали на уроке? Что было не понятно? Что было трудно? Какое задание было интересно? Что можно изменить? Домашнее задание. Прочитать параграф учебника 17, стр.128-134	Дескрипторы: -Заполняет пропуски в предложениях -4б	Задание на закрепление 1.Атмосфера – это не водная оболочка Земли, а... (Воздушная) 2.Нижний слой атмосферы называется... (Тропосферой) 3.В каком слое атмосферы встречаются серебристые облака? (Стратосфера) 4. В верхних слоях атмосферы выделяют три слоя: (мезосфера, термосфера, экзосфера) Дескрипторы: Отвечает на вопросы - 4б	ФО: Взаимопроверка	Карточки				

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы
Д. Жазықбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
Көркем еңбек пәні мұғалімі
Агиманова Мейрамгул Амановна

СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

Педагогтің аты-жөні:		Агиманова Мейрамгул Амановна		
Күні:				
Сынып: 9		Қатысушылар саны:		Қатыспағандар:
Бөлім:		Сәндік қолданбалы өнер		
Сабақтың тақырыбы:		Қазақстанның дәстүрлі тоқыма өнері. Қазақ кілемдері. Алаша.		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты		9.1.2.1 өнер туындыларының тарихи және мәдени шығармаларындағы материалдар мен стильдерді жариялауда көпшілік назарының әсерін қарастыра отырып, салыстырмалы талдауды жасау;		
Сабақтың мақсаты:		* Өнер туындыларындағы материалдар мен стильдері жариялауда, салыстырмалы талдау жасайды		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2минут	Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Нейро» жаттығу қолдану арқылы , сабаққа жақсы көңіл-күй сыйлау.	«Нейро» жаттығуларын жасайды.	Жаттығу	Интер тақта 
2 минут	«Flippity.net» программасымен сыныпты топқа бөлу.	Оқушылар QR код арқылы интерактивті тақтадан көреді.		Инт тақтадан https://flippity.net/images/Link-Icon.png
5 минут	Миға шабуыл әдісі . Жеке жұмыс арқылы жаңа тақырыпқа көшпес бұрын, өткен жылғы СҚӨ тақырыбын қайталау үшін «Learningapps.ops» программасының көмегімен суреттерді атауларымен сәйкестендіреді.Оқушылар жұмыстарын аяқтаған соң , әр баланың бағасы экранда көрсетіледі.	Оқушылар QR кодты сканерден өткізіп, сайтқа өтіп, тапсырманы жеке орындайды.	ҚБ «Қол шапалақтау» 	
Сабақтың ортасы 3 минут	3D куб толықтырылған шындық арқылы киіз үй ішіне саяхат жасайды. Сабақтың тақырыбын анықтайды: Саб мақсатымен танысады	3D куб арқылы киіз үй ішіне саяхат жасайды, киіз үй ішіндегі тоқыма бұйымдарын анықтайды.	Мадақтау	Инт тақта  3D куб
15 минут	Тапсырма №1 Топтық жұмыс. Екі топқа видео «кілем тоқу» беріледі.	Тапсырма№1 1-топ кілем тоқу тарихы және салт-дәстүр, жөн-жоралғыларды анықтайды 2-топ Кілем түрлері мен станок түрлерін анықтайды Дескриптор *Қазақ халқының кілем тоқу өнері, тарихы,	Екі топ бір-бірін бағалайды.	Дәптерге жазу Кілем тоқу

13 минут	Тарсыма №2 Практикалық жұмыс Жүппен жұмыс Флипбук электронды кітаппен танысып, тоқыма бұйымдарын анықтап, сұрақтарға жауап береді.	тоқымашылық туралы талдау жасайды * Қазақ халқының тоқымашылық өнері, кілем тоқу түрлері туралы талдайды.		https://youtu.be/flg7WG-Vfo4 
3 минут	Жеке жұмыс. Жасанды интеллект арқылы кубиктегі жанды сұрақтарға жауап береді	Тапсырма №2 Флипбуктан кілем тоқыма бұйымдарын анықтайды. Дескриптор: Тоқыма бұйымдарын талдау.	Жүп-жүппен отырған оқушылар бір-біріне баға береді.	Флипбук  https://heyzine.com/fliр-book/c36cdf18fd.html Жасанды интеллект, кубик
Сабақтың соңы 2 минут	Кері байланыс. «Padlet.com» Бүгінгі сабақтағы түсінгендері туралы ақпарат аламын.	Оқушылар берілген сілтеме арқылы, стикерлерге ойларын жазады, *Мен түсіндім Мен түсінбедім Маған бәрі түсінікті болды»		Инт тақта 

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы
№10 «Арай бөбекжайы»
Тәрбиеші
Чалхарова Динара Есембековна

БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ОРНЫ

Халық ауыз әдебиеті – ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесі мен даналығын жеткізуші құнды мұра. Оның тәрбиелік мәні өте зор, өйткені әрбір аңыз, ертегі, мақал-мәтел балалардың рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға көмектеседі. Балабақша тәрбиесінде халық ауыз әдебиетінің орны ерекше. Балаларға жас кезінен халықтың мәдени мұрасын таныту олардың ұлттық санасын қалыптастырып, тұлға ретінде дамуына ықпал етеді.

Халық ауыз әдебиетінің түрлері. Халық ауыз әдебиетінің әртүрлі жанрлары балаларға ойлау қабілетін дамытып, адамгершілік қасиеттерді бойларына сіңіруге көмектеседі. Балабақшада ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар сынды әдеби жанрлар ерекше орын алады. Әр жанрдың өзіндік тәрбиелік мәні бар.

Ертегілер – балаларды қиялға жетелей отырып, жақсылық пен жамандықты ажыратуға, әділеттілік пен адалдықты бағалауға үйретеді. Мысалы, «Алтын сақа» ертегісі арқылы мен балаларға адалдықтың, достықтың маңызын түсіндіруде жақсы нәтижелерге жеттім.

Мақал-мәтелдер – балалардың сөздік қорын байытып, қазақ халқының даналығын ұғынуға көмектеседі. Мен күнделікті сабағымда мақал-мәтелдер қолданып, олардың мәнін түсіндіруге ерекше көңіл бөлемін. Бұл әдіс балалардың тіл байлығын арттырумен қатар, ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Жұмбақтар – балалардың логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіріп, есте сақтау қабілетін жақсартады. Балабақшадағы тәрбие сағаттарында жұмбақ шешу ойынын ойната отырып, балалардың ынтасын арттырып, бір-бірімен жарысу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыттым.

Халық ауыз әдебиетіндегі тәрбие элементтері

Халық ауыз әдебиеті балаларға тек тіл мен әдебиет қана емес, моральдық-этикалық құндылықтарды да береді. Халық ертегілері мен аңыздарында жиі кездесетін жақсылық, әділдік, батырлық, еңбексүйгіштік секілді қасиеттер балаларға оңай сіңеді.

Өзімнің тәжірибемде ертегілерді сахналау арқылы балалардың тәртібін жақсартуға, бір-бірімен достық қарым-қатынас орнатуға ықпал еттім. Мысалы, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін сахналаған кезде балалар жақсылық жасаудың маңызын тереңірек түсініп, бір-біріне көмектесу керектігін түйсінді.

Халық ауыз әдебиетін балабақшада қолдану әдістері. Халық ауыз әдебиетін тәрбие процесінде қолданудың көптеген әдіс-тәсілдері бар. Балабақшада балаларды қызықтырып, олардың қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі шығармашылық әдістерді қолдандым.

Ойын арқылы оқыту – ең тиімді тәсілдердің бірі. Мысалы, «Қазақ ертегілері әлеміне саяхат» атты ойынды жүргізу арқылы балалардың ертегілерді тез жаттап алуына көмектестім. Ойын барысында әрбір бала ертегі кейіпкерлерінің ролін ойнап, олардың мінез-құлқын түсініп, жағымды қасиеттерді бойларына сіңіреді.

Сахналау – балаларға әдеби шығармаларды тереңірек түсіндіруге және олардың есте сақтау қабілеттерін жақсартуға септігін тигізеді. Балабақшадағы тәрбие сағаттарында ертегілерді сахналап көрсету әдісін жиі қолданамын. Бұл әдіс балалардың өзара байланыс орнатуына, бірлесе жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Көркем оқу және шығармашылық жұмыстар – балалардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Әр аптада бір рет балалармен бірге мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды жаттап, оларды суреттеп, өз ертегілерін құрастыру жұмыстары жүргізіледі. Нәтижесінде, балалардың ой-өрісі дамып, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыланады.

Тәрбиешінің тәжірибесі: қолданған тәсілдер мен нәтижелері. Мен өз тәжірибемде халық ауыз әдебиетін қолданудың бірнеше тәсілдерін енгіздім. Бірінші әдіс – ертегілерді сахналау арқылы тәрбиелік сабақтар өткізу. Мысалы, «Тазша бала» ертегісін сахналау кезінде балалар тапқырлық пен әзілді ұғынды, бұл оларға ойлау қабілеттерін жақсартуға септігін тигізді. Сабақтан кейін балалардың арасында достық қарым-қатынас орнап, бір-біріне көмек көрсетуге деген ниеті күшейді.

Екінші әдіс – мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды ойын арқылы оқыту. Ойын түріндегі сабақтар балалардың оқуға деген ынтасын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытты. Мысалы, «Мақал-мәтелдер жарысы» атты ойында балалар өздері білген мақал-мәтелдерін жарыса айтып, олардың мағынасын түсіндіруге тырысты. Бұл әдіс олардың танымдық және коммуникативтік дағдыларын жақсартты.

Халық ауыз әдебиетінің балаларға әсері. Халық ауыз әдебиеті балалардың рухани дамуына зор үлес қосады. Балабақшадағы балалардың халық ауыз әдебиетінен алған әсерлері олардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Балалардың бойында жауапкершілік, адалдық, еңбексүйгіштік секілді қасиеттер қалыптасады.

Тіл байлығын арттыру – халық ауыз әдебиетінің негізгі артықшылықтарының бірі. Менің тәжірибемде мақал-мәтелдер мен ертегілерді қолдану арқылы балалардың сөздік қоры айтарлықтай кеңейді. Олар жаңа сөздер мен ұғымдарды түсініп, дұрыс қолдануға үйренді.

Заманауи технологиялар мен халық ауыз әдебиеті. Заманауи технологиялардың дамуы халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді. Цифрлық форматта қолжетімді ертегілер мен мақал-мәтелдер арқылы балалардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға болады. Мен өзімнің сабақтарымда мультимедиялық құралдарды қолдана отырып, халық ауыз әдебиетін жаңа форматта жеткіздім. Мысалы, балаларға интерактивті кітаптар мен мультфильмдер көрсету арқылы олардың ертегілерге деген қызығушылығын ояттым.

Қорыта келгенде, халық ауыз әдебиеті – балаларды тәрбиелеуде таптырмас құрал. Оның тәрбиелік маңызы зор, өйткені әрбір ертегі, мақал немесе жұмбақ балалардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған. Балабақшада халық ауыз әдебиетін қолдану арқылы балалардың рухани және тұлғалық дамуына әсер етуге болады. Болашақта да халық ауыз әдебиетін тәрбиелеуде қолдану жолдарын кеңейту маңызды.

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы
№1 “Гулжан” бөбекжай бакшасы МКҚК
Тәрбиеші
Жолбарысова Эльнура Орынбасаровна

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

(Авторлық бағдарлама)

3-6 жас аралығындағы балаларға арналған бұл бағдарлама ұлттық құндылықтарды үйрету арқылы баланың тілін, танымдық дағдыларын, әлеуметтік қарым-қатынасын және сенсорлық қабылдауын дамытуға бағытталады.

1. Бағдарламаның негізгі бағыттары

I. Коммуникативтік дағдылары дамыту (қазақ фольклоры арқылы)

Мақсаты: Баланың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін дамыту.

II. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Мақсаты: Баланың тактильді қабылдауын, көріп-сезіну қабілетін дамыту.

III. Шығармашылық дағдыларын , зерттеу іс-әрекеттерін дамыту

Мақсаты: Баланы өз-өзіне қызмет етуге және ұлттық дәстүрлерді меңгеруге баулу.

IV. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптатыру (ұлттық таным арқылы)

Мақсаты: Қазақ халқының тұрмысын, табиғатқа деген көзқарасын балаға түсіндіру.

V. Физикалық қасиеттерді дамыту (Қазақтың ұлттық ойындары арқылы даму)

Мақсаты: Қимыл-қозғалысты дамыту, топтық жұмысқа баулу.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	сағаты
1	Ою-өрнек сыры	1
2	Жыл мезгілдері және наурыз тойы	1
3	Ұлттық киімдерді киіп үйренемін	1
4	Қазақтың ұлттық аспаптары	1
5	Асықпен санау	1
6	Арқан тарту	1
7	Қазақ ертегілерін тыңдаймын	1

Тақырыбы: “Ою-өрнек сыры”

Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен таныстыру, олардың атаулары мен мағыналарын түсіндіру, ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

Қазақтың негізгі ою-өрнектерін (қошқар мүйіз, түйетабан, ирек су, гүл, жапырақ, сыңар өкше және т.б.). Оюлардың қандай бұйымдарға қолданылатынын (киіз, текемет, зергерлік бұйымдар, киімдер, ыдыстар, ағаш бұйымдар).

Меңгеретін дағдылары мен іскерліктері:

Әр оюдың өзіндік мағынасы бар екенін (мысалы, «Қошқар мүйіз» – байлық пен молшылық, «Түйетабан» – күш пен тұрақтылық, «Сыңар өкше» – ұзақ жол, көшіп-қону белгісі).

Оюлардың халық өмірінде маңызды рөл атқаратынын және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатынын.


Шаттық шеңбер:

(Балалар шеңберге тұрып, тәрбиешімен бірге өлең айтып, қимыл жасайды.)

Өлең:

Қош келдіңдер, балалар,
 Білім іздеп, талпынар!

Ою-өрнек сырларын,
Бүгін бірге танимыз!

**Қимылдар:**

Бір-біріне күлімдеп қарау (қуаныш білдіру).

Алақандарын жоғары көтеріп, «ою-өрнек» жасап, қолдарын ауада қозғалту.

Саусақтарымен әртүрлі өрнек сызып көрсету.

Бір-біріне жылы сөз айту (ұлттық нақышта амандасу).

Сергіту сәті:

(Балалар денелерін қозғалтып, белсенділік танытады.)

“Оюлар билейді” жаттығуы

(Балалар ою-өрнектердің пішіндеріне ұқсас қимылдар жасайды.)

“Қошқар мүйіз” – екі қолды айналдырып, иықпен қозғалу.

“Ирек су” – қолдарын толқындатып қозғау.

“Түл өрнек” – алақандарын жоғары көтеріп, айналу.

“Түйетабан” – аяқтарын бірдей көтеріп, жай жүру.

Қорытынды:

Оюларды суреттен немесе заттардан тауып, олардың атауын атай алады.

Оюлардың пішінін салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажыратады.

Оюларды қиып, жапсырып немесе бояп, өз қолымен жасай алады.

Киім, кілем, ыдыстардағы оюларды анықтап, олардың қандай мағына білдіретінін айтып бере алады.

Бұл сабақ арқылы балалар қазақ халқының мәдениеті мен өнеріне қызығушылық танытып, эстетикалық сезімдерін дамытады.